АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ҚҰРМАНҒАЗЫ АУДАНЫ
ҚҰРМАНҒАЗЫ АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ

АКИМ
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
ҚҰРМАНҒАЗЫ
КУРМАНГАЗИНСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

20 23 жылғы «21» желтоқсан № 471 «_____» _____ 20___ года

Құрманғазы ауылы село Құрманғазы

«Атырау облысы Құрманғазы ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жер учаскесіне тұрақты жер пайдалану құқығын табыстау туралы

«Қазақстан Республикасының Жер кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексінің 19 бабының 1 тармағы, 34 бабы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 1 тармағының 6) тармақшасы негізінде **ШЕШТІМ:**

1. «Атырау облысы Құрманғазы ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне су желісі үшін Құрманғазы ауылдық округ, Құрманғазы ауылынан көлемі 0,2056 га жер учаскесіне тұрақты жер пайдалану құқығы табыстalсын.

Негіз: Құрманғазы ауданы бойынша жер комиссиясының 2023 жылғы 11 қазандағы №15 хаттамасы, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Атырау облысы бойынша филиалы Құрманғазы аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімінің жерге орналастыру жобасы.

2. Жер учаскесі бөлінбейді, пайдалануда ауыртпалықтар мен шектеулер жоқ.

3. Жер пайдаланушыға жер учаскесін өз мақсатында пайдалану міндеттелсін.

4. Жер учаскесінің шекарасы белгіленіп және куәландыратын құжаттары берілгенге дейін жер учаскесін пайдалануға жол берілмейді.

5. Осы шешім Құрманғазы ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі, Құрманғазы ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына жолдансын және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Атырау облысы бойынша филиалы Құрманғазы аудандық бөліміне жолдансын.

Округ әкімі **А.Муса**

Scanned with CamScanner